



ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПА

Құрамы:

0,5 мл ерітіндінің құрамында:

белсенді заттар:

Докозагексаен қышқылы (ДГК) 20 мг

Е дәрумені 2,7 мг

А дәрумені 87,2 мкг

D₃ дәрумені 5 мкг

қосымша зат: күнбағыс майы.

Қолдану аясы:

тағамға биологиялық белсенді қоспа докозагексаен қышқылының (ДГК) және А, D₃, Е дәрумендерінің қосымша көзі ретінде ұсынылады.

Докозагексаен қышқылы (ДГК) –

бала үшін аса құнды, жасуша қабықшаларының тұтастығын сақтауға ықпал ететін Омега-3 тобының алмастырылмайтын көп қанықпаған май қышқылы. ДГК баланың миының дұрыс қалыптасуы мен қалыпты жұмысы үшін қажет.

А дәрумені көрудің қалыпты болуын қолдауға ықпал етеді.

Д дәрумені организмдегі кальцийдің мөлшерін реттейді, сүйектердің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді.

Е дәрумені организмдегі барлық алмасу үрдістерінде қатысады, жасушаларды тотығу күйзелісінен қорғайды.

Қолдану тәсілі:

3 жастан асқан балаларға 0,5 мл-ден (12 тамшыдан), күніне бір рет, тағам ішу кезінде қабылдау қажет. Қолдану алдында жақсылап шайқау қажет.

0,5 мл тағамдық құндылығы (г):

Ақуыздар 0 г

Майлар 0,44 г

Көмірсулар 0 г

Энергетикалық құндылығы
16,53 кДж/3,96 ккал

Қарсы көрсетімдері:

ББҚ құрамбөліктеріне асқан сезімталдық.

Ерекше нұсқаулар:

Ұсынылатын тәуліктік мөлшерінен асыруға және ББҚ алуан түрлі үйлесімді тамақтануды алмастыру үшін қолдануға болмайды.

Құрамында А, Е және D дәрумендері бар басқа ББҚ қатар қабылдауға болмайды. Жүктілік және бала емізу кезеңінде қолдану алдында дәрігермен кеңесу қажет.

Босатылу шарттары: рецептсіз.

Сақтау шарттары:

Күн сәулесінен қорғалған, балалардың қолы жетпейтін жерде, 25°C-тан аспайтын температурада сақтау қажет.

Шығарылу түрі

1 құтысы (20 мл) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапқа салынған.

Жарамдылық мерзімі: 30 ай.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Өндіруші:

O.F.I. Officina Farmaceutica Italiana S.p.A.,
via Verga 14 - 24127 Бергамо, Италия

Сауда белгісінің және МТК иесі:

BELINDA LABORATORIES LLP.,
Astra House, Arklow Road, SE14 6EB,
Лондон, Ұлыбритания

Тұтынушылардан шағым-талаптарды қабылдауға өкілетті ұйым:

«Cepheus Medical» ЖШС (Цефей Медикал),
ҚР, Алматы қ, Аль-Фараби даңғылы 7,
ТК «Нурлы Тау», блок 5А, офис 247
Тел: +7 (727) 978 69 71
E-mail: cepheusmedical@gmail.com